

8D01301 – «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін «Бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін дene шынықтыру сабактарында ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастыру» тақырыбында орындалған Сармантаев Аян Сапаровичтің диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің, философия докторы(PhD), қауымдастырылған профессор м.а Шегенбаев Нуркасим Бейсенбаевичтің жазбаша пікірі

№п п/п	Критерийлер	Критерийлерге сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымды дамыту бағыттарына және /немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атавы мен нөмірін);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атавы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамытуының басым бағытына сәйкес (бағытты көрсету)</p>	<p>1. Сармантаев Аян Сапаровичтің 8D01301 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған «Бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін дene шынықтыру сабактарында ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға ариалған мемлекеттік бағдарламасына сәйкестендірген, себебі оның мақсаты: «Қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту» деп көрсетілген.</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/коспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған	Жұмыс ғылымға айтарлықтай үлес қосады, өйткені халықтың әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, әдел-дағдыларын өскелен ұрпақтың бойына ұлттық ойын арқылы дарыту, әсіресе, баланың танымдық белсенділіктерін ойын арқылы қалыптастыру өмір қажетінен туып отыр, себебі баланы жас кезінен адалдыққа елін, жерін, тілін, ділін сүйеттің ұлтжанды болуға, мейірімділікке, адамгершілікке тәрбиелеудің құралы – ойын. Сондықтан ұлттық ойындарды тәлім-тәрбие мақсатында пайдалана отырып, баланың танымдық

			<p>белсенділіктерін ұлттық ойындар арқылы қалыптастырудың тиімді жолдарын қарастыру - бүгінгі күні зерттеуді қажет ететін тұстарының бірі. Өйткені ұлттық-қозғалмалы ойындардың окушылардың танымдық белсенділіктерін дамыту мен ақыл-ой еңбегі мәдениетін жетілдіруде мүмкіндіктері жоғары, ал оның маңыздылығы жақсы ашылған, яғни қазақ халқының ұлттық ойындары баланың өз елін, ұлтын сүйетін, қадірлейтін, құрметтейтін патриоттық сезімін қалыптастыруға, ұлттық салт-дәстүрлерін сақтай білуге, физикалық тұрғыда мықты болуына тигізетін септігі орасан. Сондықтан ұлттық ойын баланың танымын бірінші күннен бастап дамыту құралы әрі балада оқу мен білімнің, тәрбиенің негізін қалыптастырады деп саналады.</p>
3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) жоғары 2) орташа; 3) төмен 4) өзі жазбаған 	<p>1) жоғары, себебі зерттеу барысында бастауыш сынып окушыларының танымдық белсенділіктерін дene шынықтыру сабактарында ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастырудың ғылыми-теориялық негіздері айқындалған. Бүгінгі өркениетті елімізде жасөспірімдерге үлігілі, өнегелі тәрбие беру – маңызды міндеттердің бірі екендігін анықтап, сондай-ақ, бүгінгі таңда заманымызға сай дені сау, ой өрісі жоғары, жан-жақты дамыған ұрпақ қалыптастыру мемлекетіміздің алға қойған аса маңызды міндеті және балаға тәрбие бергенде ойын мен тәрбиені ұштастырып, бойына адами, рухани құндылықтарды сіңіретін негізгі құрал - ұлттық ойындар екендігі негізделген.</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негізdemесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген. 	<p>1) Диссертация өзектілігі негізделген, өйткені зерттеу барысында, бастауыш сынып окушыларының танымдық белсенділіктерін дene шынықтыру сабактарында ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастыру жүйесін жасауға негіз бола алатын теориялық-әдіснамалық негіздерінің ашылмағандығы және зерттелетін проблеманың кәсіби маңызды аспектілерінің жеткілікті деңгейде</p>

		<p>анықталмағандығы нақтыланған. Мұның барлығы бастауышсынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін дene шынықтыру сабактарында ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастыру деңгейінің жеткіліксіз екендігін айғақтайды.</p> <p>Соның негізінде, бастауышсынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін дene шынықтыру сабактарында ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастыру мәселесін ғылыми-тәжірибелік түрғыда зерделеу қажеттілігі туынданап отырғандығы негізделген.</p>
	<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындаамайды 	<p>1) айқындайды.</p> <p>Зерттеу жұмыстың мазмұны қарастырылып жатқан тақырыпты толығымен айқындайды. Диссертацияның бөлімдері мен бөлімшелері бір-бірімен логикалық байланыста негізделген және зерттеудің мазмұнын теориялық пен практикалық түрғыдан жоғары дәрежеде ашады.</p>
	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді 	<p>1) сәйкес келеді. Талданып отырған зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері диссертацияның тақырыбына толық сай негізделген. Ғылыми-теориялық түрғыдан шешімін тапқан міндеттер қойылған мақсаттың нәтижелілігін дәлелдейді..</p>
	<p>4.4 Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылышы логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жок 	<p>1) толық байланысқан, себебі диссертацияның барлық бөлімдері бір - бірімен байланысты және оны жазу барысында ішкі бірлігі сақталған. Жұмыс тақырыптың өзектілігін, оның зерттелу деңгейі мен жағдайын, зерттеу мақсаты мен міндеттерін анықтаудан басталып, содан кейін зерттеу нәтижелері мен қорытындылары беріліп, зерттеу болжамы мен қойылған міндеттердің шешімдерімен аяқталады.</p>
	<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып</p>	<p>1) сыни талдау бар, өйткені зерттеу барысында алынған нәтижелер педагогика ғылымындағы бастауышсынып оқушыларының танымдық белсенділігін дene шынықтыру</p>

		<p>багаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген 	<p>сабактарында ұлттық –қозгалмалы ойындар арқылы қалыптастыру мәселелерін шешуге арналған. Автор өз зерттеу жұмысына дейінгі диссертациялардағы тұжырымдар мен ұсынымдарға өз көзқарасынан баға берген сондықтан диссертацияда алынған ғылыми нәтижелердің теориялық және практикалық маңызы бар, ейткені зерттеудің ғылыми-теориялық түрғыдан негізделуі, бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділігін дene шынықтыру сабактарында ұлттық –қозгалмалы ойындар арқылы қалыптастыру модельін әзірлеуге және де Қазақстандық бастауыш мектепте білім беру мазмұнын жаңғырту жағдайында дene шынықтыру сабактарында балалардың танымдық белсенділігін қалыптастыру мәселелері бойынша кең көлемде педагогикалық қоғамдастыққа бірқатар ғылыми негізделген әдістемелік әзірлемелерді ұсынуға мүмкіндік береді.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қагидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25%-кем жаңа болып табылады) <p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа</p>	<p>1) толығымен жаңа, яғни <i>Бірінші нәтиженің жаңағы</i>, бала тәрбиесіндегі ұлттық ойындардың мәні айқындалған;</p> <p>Екінші нәтиженің жаңағы, «таным», «белсенділік», «танымдық белсенділік» ұғымдарының мәнін нақтыланған;</p> <p>Үшінші нәтиженің жаңағы, бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін дene шынықтыру сабактарында ұлттық-қозгалмалы ойындар арқылы қалыптастырулық педагогикалық шарттары жасалған;</p> <p>Төртінші нәтиженің жаңағы, бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін дene шынықтыру сабактарында ұлттық-қозгалмалы ойындар арқылы қалыптастырудың модельі құрылған, компоненттері, өлшемдері, көрсеткіштері деңгейлері анықталған</p> <p>1) толығымен жаңа, себебі</p>

	<p>бастауыш сыннып оқушыларының танымдық белсенділіктерін дene шынықтыру сабактарында ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастыру бойынша</p>	<p><i>Бірінші нағиже бойынша</i>, автор еліміздің егемендік алуы Қазақстандағы дene шынықтыру, ұлттық ойындар мәселеسىне басқаша сын көзben қарауды талап ететіндігін. Осы орайда, соңғы жылдары қарастырып отырған ізденіс тақырыбына орай көптеген ғылыми енбектер жарық көргендігін анықтаған. Сол енбектерды ғылыми-теориялық түрғыдан негіздеу арқылы, диссертант ұлттық-қозғалмалы ойындарды төрт топқа бөліп қарастырған: табиғи заттарды қолданып ойнайтын ойындар; жануарлар бейнесін елестетіп ойнайтын ойындар; мұліктік бұйымдарды қолданып ойнайтын ойындар; құрал-жабдықсыз ойнайтын ойында деп тұжырымдаған.</p> <p><i>Екінші нағиже бойынша</i>, диссертант ойын барысында оның бастауыш сыннып оқушыларына беретін тәрбиелік мәні ерекше деп, ойын барысында оқушылардың логикасы, қысынды ойлау қабілеті, бір-бірімен санасуы, сыйласуы қалыптасатындығын негіздеген. Сонымен бастауыш сыннып оқушыларының танымдық белсенділіктерін дene шынықтыру сабактарында ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптасуын жалпы қазақтың ұлттық ойындарының даму тарихын педагогикалық проблема ретінде қарастырып, жай-күйін талдай келе, қазіргі кезде тұлғаны дамытуда қазақ мәдениетінің маңызды элементтерінің бірі-ұлттық қозғалмалы ойындар екені тұжырымдалған.</p> <p><i>Үшінші нағиже бойынша</i>, автор педагогикалық шарттар деп, дәстүрлі оқыту жүйесі мен жаңа жетілдірілген оқыту жүйесінің арасындағы яғни болашақта түзіletін оқыту жүйесіне қызмет ететін шарттар жиынтығын түсінеміз деп тұжырымдаған. Осыған орай зерттеу жұмыстың мақсатына байланысты мынадай педагогикалық шарттарды анықтаған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Бастауыш сыннып оқушыларының танымдық белсенділіктерін дene шынықтыру сабактарында ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастыру бойынша
--	---	---

		<p>«Ұлттық қозғалмалы ойындар» элективті курс бағдарламасын жасау және енгізу;</p> <p>2. «Бастауыш мектепте ұлттық – қозғалмалы ойындарды үйімдастыру әдістемесі» атты арнайы семинар үйімдастыру;</p> <p>3. Сабактан тыс кезде оқушылардың ұлттық-қозғалмалы ойын түрлерінен білімін терендету және танымдық белсенділіктерін қалыптастыру мақсатында «Асық» үйірмесін үйімдастыру және жүзеге асыру.</p> <p>Төртінші нәтижесі бойынша, диссертант танымдық белсенділік баланың жеке қасиеттерін толық ашудың және дамыту үшін жағдайлар жасаудың, оның ақыл-ой дамуының мүмкіндіктері ретінде танымдық белсенділікті дамытуудың, тұлғаның қалыптасуының барлық кезендерінде жеке тұлға қалыптастырудың негізгі нысаны болатындығын дәлелдеген. Осының негізінде, бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін дene шынықтыру сабактарында ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптасуының құрамын төрт компонентке сәйкес анықтап, бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін дene шынықтыру сабактарында ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастыру модельін құрастырган.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25%-кем жаңа болып табылады)</p> <p>1) толығымен жаңа себебі, бастауыш сынып оқушыларының дene шынықтыру сабакында қозғалмалы ұлттық ойындар арқылы танымдық белсенділігін дамыту үдерісінде элективті курсты үйімдастыру бойынша тәжірибелік-эксперименталды жұмыстың нәтижелерін талдау эксперименталды топ оқушыларында зерттелетін сапаны дамытуудың айтарлықтай динамикасын көрсетті, бұл зерттеудің болжамын, тиімділігін және практикалық маңыздылығын растайды. Эксперименттің нәтижесі көрсеткендей бастауыш сынып оқушыларының дene шынықтыру сабакында қозғалмалы ұлттық ойындар арқылы</p>

			танымдық белсенділігін дамыту «Ұлттық қозғалмалы ойындар» элективті курс аясында мүмкін екені дәлелденген және негізделген болып табылады.
6.	Негізгі корытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми түрғыдан қараганда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Талданып отырған зерттеу жұмыста барлық негізгі тұжырымдар ғылыми дәлелдерге негізделген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әрбір қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) дәлелденген; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді <p>7.2 Тривиальды ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) иә; 2) жоқ <p>7.3 Жаңа ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) иә; 2) жоқ <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) тар; 2) орташа; 3) кең <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) иә; 2) жоқ 	<p>7.1 Жағдай дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденген.</p> <p>7.2 Тривиальды ма?</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) иә.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>2) орташа.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) иә.</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған	<p>1) иә, өйткені теориялық-әдіснамалық және практикалық дәлелденуімен; зерттеу мазмұнының ғылыми аппаратпен сайkestілігімен; зерттеу пәні мен міндеттеріне сай қолданған әдістер кешенімен; эмпирикалық материалдың</p>

		статистикалық өндеуі, әзірленген жұмыстардың бастауыш мектепте және жоғары оқу орындары практикасына енгізумен қамтамасыз етіледі.	
	8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы, ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өндеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алғынған: 1) иә; 2) жоқ	1) иә, өйткені қалыптастыруши тәжірибе барысында эксперимент тобындағы оқушыларға танымдық белсенділіктерін дene шынықтыру сабактарында ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастыру бойынша «Ұлттық қозғалмалы ойындар» элективті курс бағдарламасы жасалып енгізілді және оқытудағы интербелсенді әдістер арқылы жүзеге асырылды. Соның нәтижесінде окушылардың ұлттық-қозғалмалы ойындарға деген қызығушылықтары мен ұмтылыстарының артуына ықпал етті.	
	8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденді): 1) иә; 2) жоқ	1) иә, себебі тәжірибе барысында жоғарғы деңгей көрсеткіштерінің айтарлықтай арта түскені ұлттық-қозғалмалы ойындарға деген ерекше ықыластарының пайда болуы, екіншіден олардың санасында мұндай жақсы қасиеттердің орын тебуі – алдын-ала жоспарланып жүргізілген жұмыстар мен бастауыш сынып және дene шынықтыру пәні мұғалімдерінің семинарда біліктіліктерін арттырганнан деп болжам жасалған. Жыл бойына жүргізілген шығармашылық-педагогикалық жұмыстардың нәтижесінде эксперименттік топтагы окушылар арасында он өзгерістер байқалған.	
	8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	Маңызды мәлімдемелер өзекті және шынайы ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған.	
	8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Пайдаланылған әдебиет көздері әдеби шолу үшін жеткілікті.	
9.	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) иә;	1) иә, өйткені зерттеу барысында бастауыш сынып окушыларының танымдық белсенділіктерін дene

	<p>2) жоқ</p> <p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алғынған нәтижелерді практикада қолдану ықтималдығы жоғары:</p> <p>1) иә;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>шынықтыру сабактарында ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастырудың ғылыми-теориялық негіздері айқындалды.</p> <p>1) иә, себебі бастауышсынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін дene шынықтыру сабактарында ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастыру бойынша «Ұлттық қозғалмалы ойындар» атты элективті курс бағдарламасы күрастырылып, мұғалімдерге арналған «Бастауышсынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастыру» атты электронды оку құралы әзірленді.</p> <p>Зерттеу нәтижелерін жалпы білім беретін мектептердің бастауышсынып және дene шынықтыру пәні мұғалімдеріне білім алушылардың білім деңгейі мен қызығушылықтарын арттыру барысында қолдануға, әрі педагогтерге арналған негізгі әдістемелік қурал ретінде пайдалануға болады.</p>
	<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25%-кем жаңа болып табылады)</p>	<p>1) толығымен жаңа, яғни</p> <ul style="list-style-type: none"> – оқушылардың танымдық белсенділігін дамыту ұсынып отырган авторлық элективті курс бағдарламасы аясында интербелсенді технологияларды қолдану негізінде жүзеге асырылса; – оқушылардың ұлттық-қозғалмалы ойындарына танымдық белсенділіктерін қалыптастыруда автор жасаған үйірме бағдарламасын пайдаланылса; – мектепте дene шынықтыру пәні мұғалімдері үшін біліктілікті жетілдіру мақсатында қазақ ұлттық-қозғалмалы ойындарын оку-тәрбие үрдісінде пайдалануға байланысты семинарлар ұйымдастырылса; – атаптың бағдарламаны бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі және дene шынықтыру мамандығы бойынша мамандар даярлайтын окуорындарының педагогикалық үдерісінде пайдаланылса, онда бастауышсынып оқушыларының танымдық

			белсенділіктерін дene шынықтыру сабактарында ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастыру процесі тиімді жүзеге асады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	1) жоғары, себебі Сармантаев Аян Сапаровичтің «Бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін дene шынықтыру сабактарында ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастыру» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысының жазу және безендіру сапасы жоғары, ғылыми жаңалығы дәйекті, практикалық құндылығы жоғары және жан-жақты зерттелген, аяқталған жұмыс болып саналады.

Шешімі: 8D01301 – «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін «Бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділіктерін дene шынықтыру сабактарында ұлттық-қозғалмалы ойындар арқылы қалыптастыру» тақырыбында орындалған диссертация авторы Сармантаев Аян Сапаровичқа философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайықты деп есептеймін.

Ресми рецензент:
философия докторы (PhD), қауымдастырылған профессор м.а
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
Бастапқы әскери дайындық және дene шынықтыру
кафедрасының менгерушісі



Шегенбаев Н.Б.